



БҰЙРЫҚ

07.06.2024

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 96-247

город Астана

2024 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың ішкі жоспарын бекіту туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» № 4 үлгілік базалық бағыт жобаларын орындау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған 2024 жылға арналған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың ішкі жоспары бекітілсін.

2. Кәсіпорынның салалық даму департаментінің цифрландыру басқармасы іс-шаралар жоспарын Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Кәсіпорынның COMPLAINTS Е. М. Оразалинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Директор

Г. Бимендина

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жерлерге зерттеп-
қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты»
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорны директорының
2024 жылғы «___» тамыздағы № ___
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Жер ресурстарын басқару комитетінің
«Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты»
2024 жылға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың ішкі жоспары

р/с №	Іс-шаралар атауы	Аяқтау түрі	Орындалуына жауаптылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл				
1	Парақорлыққа қарсы күрес және сыбайлас Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін енгізу	Сертификат ISO 37001	Комплаенс	2024 жылғы III - IV тоқсан
2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ақпараттың контентті езектендіру	Кәсіпорынның ресми веб-сайтында ақпарат жариялау	Комплаенс Цифрландыру басқармасы	Ұдайы
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі құжаттарды әзірлеу және езекті ету	Бұйрық	Комплаенс	Жыл ішінде (Қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде)
4	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау	Талдамалық анықтама	Жұмыс тобы	2024 жылғы IV тоқсан

5	Аноним өтініштерден басқа, кәсіпорын қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері бар жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша тексерулер жүргізу.	Анықтама	Комплаенс	Өтініш берілген кезде
6	Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайларының табыстар мен мүлік туралы декларацияны тапсыруы	Декларация тапсыру туралы хабарлама	Комплаенс Персоналмен жұмыс басқармасы	2024 жылғы 15 қыркүйекке дейін
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруі				
7	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтау мәселелері бойынша Кәсіпорын қызметкерлері үшін түсіндіру іс-шараларын жүргізу	Онлайн/офлайн Дәрістер, семинарлар, пікірталас алаңдары басқа органдармен және азаматтық қоғам екілдерімен бірлесіп	Комплаенс	Ұдайы
8	Кәсіпорынның 1 қабатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша әлеуметтік роликтерді көрсету	Мемлекеттік және орыс тілдегендері әлеуметтік роликтер	Комплаенс Цифрландыру басқармасы	Ұдайы
9	Кәсіпорын жұмыскерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы азаматтардан ақпарат алу үшін хабарландыру арналары бар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы жадынамаларды езекті ету	Хабарландыру арналары бар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы электрондық жадынамалар	Комплаенс	Ұдайы (қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде)
Мүдделер қақтығысын реттеу				
10	Жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау кезінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жақын туыстарының, жұбайларының немесе жекжаттарының бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеуді жүзеге асыру	Мүдделер қақтығысын анықтау және жою деректері туралы анықтама (анықталған жағдайда)	Комплаенс Персоналмен жұмыс басқармасы	Ұдайы

11	Кәсіпорынның Мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу жөніндегі саясатына сәйес мүдделер қақтығысын анықтау және жою мақсатында қызметкерлердің қызметіне мониторинг жүргізу	Мүдделер қақтығысын анықтау және жою деректері туралы анықтама (анықталған жағдайда)	Комплаенс	Ұдайы
12	Кәсіпорынның лауазымды адамдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді жазбаша түрде қабылдауын қамтамасыз ету	Мүдделер қақтығысын анықтау және жою деректері туралы анықтама (анықталған жағдайда)	Комплаенс	Ұдайы
13	Кәсіпорын қызметкерлері арасында Корпоративтік әдеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нормаларының сақталуын және моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу бойынша жсырын сауалнама (WhatsApp арқылы) жүргізу.	Анонимдік сауалнама Қорытындысын Кәсіпорынның веб-сайтында орналастыру	Комплаенс Персоналмен жұмыс басқармасы және цифрландыру басқармасы	2024 жылғы III тоқсан
14	Кәсіпорын ыскерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қатысты бұзушылықтар туралы уәкілетті органды хабардар ету	Сыбайлас жемқордық деректері туралы анықтама (анықталған жағдайда)	Комплаенс	Ұдайы

Комплаенс



Е. Оразалин